

DOI 10.58880/DKU.2026.02.03

МРНТИ 16.21.27

УДК 808.51

АУЫЗША СӨЙЛЕУДЕГІ «ЭТОС, ЛОГОС, ПАФОС» ҮШТІГІ ЖӘНЕ ОНЫ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Н.С. Әміржанова¹

С. Жаикбаева¹

1. Назарбаев Университеті

Қазақстан, Астана қ.

АНДАТПА

Мақалада белгілі қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі экс-депутаты Б. Тілеуханның сөзі ауызша шаршысөзінде классикалық шешендік үштік ретінде танылған этос, логос, пафос категориялары арқылы талданады. Талдау бастапқы аудиомәтін транскрибациясына негізделді. Зерттеу нысаны болған тұлғаның сөзсаптамасы: этикалық норма сақтауда «біз» есімдігін таңдаулы қолдануы, тема-рема желісін синтагмалық топтармен ұйымдастыруы, эмотивті лексика мен просодикалық амалдарды шебер пайдалануы талданды. Мақаланың педагогикалық бағыты ретінде аталған үлгілі сөзсаптамды оқу процесінде риторика, академиялық жазу, тіл мәдениеті пәндерін оқытуда үлгі мәтін және аналитикалық тапсырма ретінде кіріктірудің тиімді жолдары ұсынылды. Зерттеу сөзсаптамды зерттеу мен оқытуды педагогикалық тәжірибемен ұштастырады.

Түйінді сөздер: сөзсаптам, этос, логос, пафос, Зерттеу нысаны болған тұлға, ауызша сөз, риторика, оқыту, тіл мәдениеті, шешендік.

КІРІСПЕ

Қазақтың дәстүрлі сөзсаптамасы тек тарихи мұра ғана емес, тірі педагогикалық ресурс. Сайып келгенде, «сөзі жақсы» деген адамның сөзін тындап үйрену – ғасырлар бойы жалғасқан қазақтың ауызша бастауыш мектебі болды. XX ғасырдың жазба-мектептік жүйеге толық ауысуы осы ауызша мектептің орнын толтырды деп айту қиын: жаппай оқу-жазудан алынған нәр тілдің ауызша стихиясын толық орнына қоя алмады. Нәтижесінде бүгінгі білім беру жүйесінде студент шаршы топ алдында сауатты, тиімді, шынайы сөйлей алмайтыны жиі байқалады (Сыздық, 1995; Уәли, 2007).

Мақаланың мақсаты. Зерттеу нысаны болған тұлғаның ауызша сөзіндегі этос, логос, пафос категорияларын нақты тілдік деректермен дәлелдеп, осы талдаудың жоғары оқу орнындағы тіл пәндерін оқытуға қандай педагогикалық мүмкіндік беретінін көрсету.

Зерттеудің теориялық негізін Аристотельдің шешендік теориясы, А.Байтұрсынұлының сөзсаптам концепциясы, Р.Сыздықтың ауызша сөз сапасы туралы зерттеулері және Н.Уәлидің коммуникативтік тұлға теориясы негізге алынды.

ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕР

Этос, логос, пафос: классикалық үштік және қазақ риторикасындағы орны

Этос, логос, пафос – Аристотель «Риторика» еңбегінде (б.з.д. IV ғ.) сипаттаған сендіру тәсілдерінің үштігі. Этос – сөйлеушінің моральдық бейнесі мен сенімділігі; логос – ойдың логикалық жүйелілігі мен аргументтілігі; пафос – тыңдаушының эмоциясына сауатты ықпал ету (Aristotle, 2004). Бұл үштік Батыс риторикасының іргетасы болғанымен, оның мазмұны қазақ дәстүрлі шешендік санатымен жарастырыла зерттелуде.

А.Байтұрсынұлы «тыңдалатын сөз» мен «естілетін сөзді» ажырата отырып, бірінші категорияны ойдың логикасы, шынайылық және тыңдаушыға эстетикалық әсер беру критерийлері арқылы анықтайды (Байтұрсынұлы, 1927). Р.Сыздық шаршытоп алдындағы сөзге бес талап қояды: тақырыптың әлеуметтік маңызы, аргументтің болуы, эстетикалық сапа, іс-әрекетке ынталандыру және тыңдаушыға анық жетуі (Сыздық, 1995). Н.Уәли болса «коммуникативтік тұлға» ұғымын енгізіп, оны логикалық-аргументтік, этикалық-эстетикалық, нормативтік-тілдік және мәдени-танымдық компоненттердің үйлесімі ретінде сипаттайды (Уәли, 2007). Осы үш ғалымның тұжырымдарын тұтас қарасақ, олар аристотельдік үштікті қазақ тіл мәдениеті тұрғысынан тікелей толықтыратынын байқаймыз.

Зерттеу объектісі. Зерттеу нысаны болған тұлға Б.Тілеуханұлы. Ол халық әндерін орындаушы, жыршы, педагог, қоғам қайраткері, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері, ҚР Парламенті Мәжілісінің экс-депутаты. Зерттеу барысында оның сөзін таңдаудың негізгі себептері: сөзі жоғарыда аталған барлық ғалымдардың шарттарына сәйкес; даралық сөйлеу стилі бар; қазақы дәстүрлі сөз өнері мен әдеби тілдің нормаларын дұрыс ұштастырады; сөзі тілдік, коммуникативтік, прагматикалық және этикалық заңдылықтарға толық сай (Күдерина, 2022).

Талдауға Зерттеу нысаны болған тұлғаның бала тәрбиесі тақырыбындағы ауызша шаршысөзі негіз болды (аудиожазбаның транскрибациясы, зерттеу жобасы деректер банкі, 2022). Мәтіннің тақырыпты ортақ мәселе ретінде алуы, академиялық тілдің нормасымен дәстүрлі сөздің байлығын жұтастыруы – оны педагогикалық мақсатқа ерекше лайықты етеді.

ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ БОЛҒАН ТҰЛҒАНЫҢ СӨЗСАПТАМЫНДАҒЫ ЭТОС, ЛОГОС, ПАФОС.

Зерттеу нысаны болған тұлғаның сөзінде ең алдымен жіктік есімдікті таңдауда айқын көрінеді. Ол «мен» есімдігінен аулақ, «біз» есімдігін жүйелі қолданады. Бұл жай ғана этикеттік таңдау емес – бала тәрбиесі жалпыхалықтық мәселе екенін кодтайтын прагматикалық стратегия. Профессор Н.Уәли сөз этикасын «дүниетанымдық, этикеттік және эстетикалық элементтерден тұратын күрделі құрылым» деп анықтайды (Уәли, 2007). Зерттеу нысаны болған тұлға осы үш элементті де «біз» есімдігінің астына жинайды:

Б.Т.: «Абай бейне бір, біздің ұрлығымыздың үстүнен түсіп тұрғандай болады... Біз бұны қазір туғаннан көз алдында өсіп, күнде көріп жүрген ата-анаға емес, мұғалімге немесе өмір көрмеген танымайтын психолог дейтін мамандарға тапсырып қойдық, басы бүтін.»

«Ұрлығымыздың» деген тіркес – өткір өзін-өзі сын, бірақ «біздің» деп ортақтасу арқылы айыптаушы емес, бірге жауапкер позициясы ұсталған. Бұл – дәстүрлі қазақ дипломатиясының тілдік нысаны: адресатты тікелей айыптаудың орнына, ортақ мойындауға шақырып, сол арқылы сөзді тыңдатады.

Этостың екінші көрінісі – ұлттық этикалық нормаларды табиғи кіріктіру. Зерттеу нысаны болған тұлға ұлттық даналықты дерексіз цитат ретінде емес, тірі норма ретінде береді:

«Әуелі әке балаға сынышы дейді қазақта... балаңды тәрбиелеме, өзіңді тәрбиеле... Сөз мінезге, мінез адамның тағдырына айналады; Ауыздың ластығы деген жанның ластығына апаратын дүние...»

Бұл сөздердің этостық күші – олардың «мен айттым» ретінде емес, халықтың үні ретінде берілуінде. Сөйлеуші «мен» позициясынан шығып, «қазақтың даналығы» позициясына ауысады. Риторикада бұны «беделге сілтеме» (appeal to authority) дейді, бірақ Зерттеу нысаны болған тұлғада бұл тәсіл мәдени тамырлана орындалады.

Этостың тағы бір нюансы – «болжалды келер шақты» таңдау. «Мен сол бірінші қозғаған болармын тақырыпты» деген тіркестегі «болармын» – қазақ сөз этикасының кішіпейілділік нормасының морфологиялық белгісі. Бұл – «мен» дандайсушылығынан аулақ болудың дәстүрлі тәсілі.

Логос: ойдың жүйелілігі мен аргументтік тізбек. Логос категориясы сөздің мазмұндық-құрылымдық ұйымдасуымен байланысты. Зерттеу нысаны болған тұлғаның сөзінде логос бірнеше деңгейде жұмыс атқарады.

Бірінші деңгей – мәтіннің үш бөліктік тұтастығы. А.Байтұрсынұлы ауызша сөздің «аңдату, мазмұндау, қорыту» деген үш мүшесі болатынын атайды (Байтұрсынұлы, 1927). Зерттеу нысаны болған тұлғаның сөзі де осы логика бойынша өрілген: кіріспеде Абай сілтемесімен тақырып аңдатылады, негізгі бөлімде тезис арнайы дәлелдермен мазмұнды байытады, қорытындыда «Абай айтқан жолдары қайсы? Қайталап өтейік» деп тезис нақтыланады.

Екінші деңгей – тема-рема тізбегі. Сөзсаптамдағы логостың жүйесі тема (белгілі ақпарат) мен рема (жаңа ақпарат) арасындағы қатынаспен ашылады. Зерттеу нысаны болған тұлға жиі P1, P2, P3... T схемасын қолданады – бірнеше рема бергеннен кейін тема нақтыланады. Бұл тыңдаушыны тезден жауапқа жеткіздірмей, ойды «бұрамалап» жеткізудің тиімді тәсілі:

Транскрипциядан: «Бірінші / балаңды тәрбиелеме ^P^ / өзіңді тәрбиеле ^P^ / дегенге саяды Абай/ ^P^ . Өзің үлкен, қылығың балаша, /мәз боп жүрсің тамашаға/ ^P^ [...] Осыны айтып отқан Абай да...»

Үшінші деңгей – синтагмалық топтардың логикалық қызметі. Зерттеу нысаны болған тұлғаның сөзіндегі кідіріс, екпін, синтагмалық шек – тек просодикалық емес, логикалық бөлгіштер. Олар ойдың қайда аяқталып, қайдан жалғасатынын тыңдаушыға сигналдайды. Қиғаш сызықтармен белгіленген синтагмалар сөздің мән-мағынасын ашуға, логикалық қатынасты сақтауға негіз болады.

Төртінші деңгей – аргументтік стратегия. Абайды «реалист» деп сипаттау, оны бірнеше рет қайталау – тыңдаушы санасына дәлел сіңірудің мақсатты тактикасы:

Б.Т.: *«Адамның бір қызығы бала деген / дейді Абай // Абай / реалист// Жасыратыны жоқ / бізде бүкіл өмірдің қызығын балаға тіреп тастайтын кезімізде жоқ емес қой [...] Сондықтан да / бар қызығы демейд / бір қызығы дейд//»*

«Реалист» деген анықтаманы санадан бекіту мақсатымен қайталау – сөз мәдениетінде «анафоралық нығайту» деп аталады. Бұл аргументтің дәлелін эмоцияға тіреудің орнына логикалық куәлікке (Абайдың ой дәлдігіне) тіреудің үлгісі.

Пафос: эмоциялық серпін және просодикалық шеберлік

Пафос – тыңдаушының эмоциясымен сауатты жұмыс жасау өнері. Зерттеу нысаны болған тұлғада пафос «эмоция үшін эмоция» ретінде емес, логостың жалғасы ретінде жұмыс атқарады – яғни ойды эмоция арқылы «терендетеді».

Пафостың лексикалық деңгейде берілуі – эмотивті сөздерді стратегиялық орналастыру. Мысалы: *«Кейде бір аулаға шығасың, осы қалада аузынан анасының сүті кеппеген балалар орысша-қазақша айтуға аузы түгіл естуге құлақ ұялатын сөздерді айтып жүред. Ойлайсың осылардың үйлерінде әке-шешесі бар ма өзі деп.»*

Мұндағы «аузынан анасының сүті кеппеген», «құлақ ұялатын» тіркестері – дәстүрлі образды тіл. Олар тыңдаушыны «бей-жай» қалдырмайтын, ішкі шиеленіс тудыратын эмотивтік сигналдар. «Тәрбиенің көкесі», «мінезінен бұлтиып шығып тұру» сынды қолданыстар кекету, алаңдату, жан жылытудың тілдік нысандары.

Пафостың просодикалық деңгейде берілуі – Зерттеу нысаны болған тұлға интонация компоненттерін (әуен, кідіріс, қарқын, реңк, әуез) өзара байланыста орналастырады. Зерттеу барысында тіркелген транскрипциялық белгілер бойынша: *«Бірінші ↑// Балаңды/ тәрбиелеме/ өзіңдү тәрбійеле дегенге сайад/ Абай↓/// Өзүң үлкөн/, қылығың балаша↓/ мәз боп жүрсүң тамашаға↓...»*. Жоғарылау (↑) инференциялық сұраулық сарынды, төмендеу (↓) тұжырым сарынын береді. Осы жоғары-төмен тон ауысымы мәтін ритмін жасап, тыңдаушыны сергек ұстайды. Риторикада «вариациялы интонация» деп аталатын бұл тәсіл – монотондықтан қашу мен назарды ұстап тұрудың физиологиялық негіздері бар тәсіл.

Пафостың синтаксистік деңгейде берілуі – риторикалық сұраулар. Зерттеу нысаны болған тұлға тыңдаушыдан жауап күтпей, жоғары интонациямен лептік мағынада сұрақ береді: *«Тәрбиеде ағаттық жіберген тұсымызды тапсақ, оны түзей салу оңай сияқты көрінеді өзі. Ал егер қателік о баста кеткен болса ше? Анау қайнар көзінен кеткен болса ше? Оның орнын толтыруға бола ма?»*. Бұл риторикалық сұраулар тыңдаушыны бастырмай, сөздің ішіне тартады. Тыңдаушы «жок, орнын толтыру мүмкін

емес» деп іштей жауап береді, яғни сөйлеушінің ойы тыңдаушының ойы болып трансформацияланады. Бұл пафостың ең күшті тактикасы.

Кесте 1- Зерттеу нысаны болған тұлға сөзіндегі этос, логос, пафос категорияларының жиынтық сипаттамасы

Категория	Тілдік амал	Мысал	Педагогикалық мәні
Этос	«Біз» есімдігін стратегиялық таңдау; болжалды келер шақ	«Біздің ұрлығымыздың үстүнен...»; «болармын»	Ортақтасу нормасы – тыңдаушымен серіктесу үлгісі
Этос	Ұлттық даналықты тірі норма ретінде беру	«Сөз мінезге, мінез тағдырға...»	Академиялық сілтеме жасаудың мәдени нысаны
Логос	Мәтіннің үш бөліктік логикасы	Аңдату → мазмұндау → қорыту	Эссе / сөз құрылымын үйретудің тірек схемасы
Логос	Тема-рема тізбегі (Р, Р, Р... Т)	«Бірінші /баланды тәрбиелеме...»	Ойды дамыту логикасын дамыту тапсырмасы
Логос	«Реалист» деп анафоралық нығайту	«Абай / реалист //» – екі рет	Аргументті бекіту тәсілін үйрету
Пафос	Эмотивті лексика (образды тіркестер)	«Аузынан анасының сүті кеппеген...»	Мәтін экспрессивтілігін дамыту тапсырмасы
Пафос	Просодикалық ауысым (↑↓)	Тон жоғарылауы / төмендеуі	Сөйлеу техникасы жаттығуы
Пафос	Риторикалық сұрау	«Орнын толтыруға бола ма?»	Аудиторияны тартудың риторикалық тәсілі

Ескерту. Кесте зерттеу жобасының транскрипция деректері мен авторлардың талдауы негізінде жасалды.

ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ БОЛҒАН ТҮЛҒА СӨЗСАПТАМЫН ОҚЫТУДА ПАЙДАЛАНУ. Педагогикалық негіздемесі.

Үлгілі ауызша мәтінді оқу процесіне кіріктіру – педагогикада «модельдік мәтін» (model text) тәсілі деп аталады. Бұл тәсіл студентке «жақсы мәтін қалай болады?» деген

абстракттілі сұраққа нақты, талданған жауап береді (Bazerman, 2016). Зерттеу нысаны болған тұлға сөзі осы мақсатқа үш себеппен ерекше лайықты:

1. Мәтін заманауи, тыңдаушыға таныс тақырыпта – бала тәрбиесі – орындалған, сондықтан студент оның мазмұнына ілесе алады.
2. Мәтін дыбыс жазбасы ретінде сақталған, демек оны тыңдап талдауға болады – бұл жазба мәтінге қарағанда жоғары аутентикалылық береді.
3. Этос, логос, пафос категорияларының барлығы мәтінде анық, тіркелетін деректермен берілген – педагогикалық талдауға идеал материал.

Тіл мәдениеті / Риторика курстарында қолдану

Риторика немесе тіл мәдениеті курсына Зерттеу нысаны болған тұлға мәтінімен мынадай тапсырма циклы ұсынылады:

1-кезең: Тану (20 минут)

Студент мәтінді бірінші тыңдайды. Тапсырма: 1) сөзде не туралы айтылды? 2) сөйлеушінің негізгі позициясы қандай? 3) сөз сізге қалай таңдай қаттырды? Бұл кезеңде студент мәтінді аналитикалық емес, қабылдаушы ретінде тыңдайды.

2-кезең: Талдау (30 минут)

Студент транскрипция мәтінін алып, этос/логос/пафос кестесін толтырады. Мысалы: «Мәтіндегі «біз» есімдігінің қай жерде пайдаланылғанын анықтаңыз және неліктен сондай таңдалды деп ойлайсыз?» Бұл тапсырма тілдік таңдаудың мақсатты екенін сезіндіреді – риторикалық хабардарлықты (rhetorical awareness) дамытады.

3-кезең: Кіріктіру (45 минут)

Студент өзіне таныс тақырыпта (отбасы, оқу, достық) 3–5 минуттық ауызша сөз жасайды. Бағалау рубрикасы этос (тыңдаушымен ортақтасу), логос (тезис + 2 дәлел + қорытынды) және пафос (кемінде бір образды тіркес) бойынша жүргізіледі. Осылайша талдау практикалық дағдыға айналады.

Академиялық жазу курстарында қолдану

Академиялық жазу курстарында Зерттеу нысаны болған тұлға сөзі ауызша мен жазба дискурс арасындағы «кірме» тапсырма ретінде тиімді. Мына тапсырма схемасы ұсынылады:

«Зерттеу нысаны болған тұлға сөзіндегі мынадай ауызша үлгіні академиялық жазба мәтінге айналдырыңыз. Ауызша тілге тән не сақталуы тиіс? Не өзгеруі тиіс? Неліктен?» Бұл тапсырма студентке ауызша мен жазба регистрдің айырмашылығын конкретті деректермен сезіндіреді. Zhang & Crosthwaite (2025) ауызша тілдің жазбадан «контекстке бай, бірақ формалды жағынан жеңіл» болатынын аргументтейді – осы айырмашылықты Зерттеу нысаны болған тұлға мәтіні арқылы практикалық деңгейде ашуға болады.

Дәстүрлі сөзсаптам нормаларын меңгерту

Күдерина (2022) зерттеуінде анықталғандай, қазіргі студент буынының ауызша сөзсаптамасы дәстүрлі нормадан алшақтаған: ілік септігінің синтаксистік қызметі бұзылады, «болармын» сынды болжалды форма орнына тікелей нақтылы форма таңдалады, риторикалық сұраулар орнына тіке хабарлау үстемдік алады. Зерттеу нысаны болған тұлға мәтіні осы нормалардың нені білдіретінін нақты үлгімен көрсетеді. Ол

«дәстүрлі сөзсаптам тізімі» ретінде емес, тірі, тыңдалатын мәтін арқылы беріледі – бұл педагогикалық жағынан гөрі тиімді.

Студентке берілетін нақты жаттығу: «Зерттеу нысаны болған тұлға мәтіліндегі мына тіркесті қазіргі тілдің орнына дәстүрлі нормасымен айт/жаз: «аузынан анасының сүті кеппеген» - «жас бала»; «тәрбиенің көкесі» - «тәрбиенің ең маңыздысы». Бұл трансформация жаттығуы студентке екі норманың бейнелілік деңгейіндегі айырмашылығын сезіндіреді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу нысаны болған тұлғаның ауызша шаршысөзін этос, логос, пафос категориялары арқылы талдау мынадай тұжырымдарға жетелейді:

4. Этос деңгейінде – «біз» есімдігін стратегиялық қолдану, болжалды форманы таңдау, ұлттық даналықты тірі норма ретінде кіріктіру – сөйлеушінің моральдық сенімділігін тыңдаушы санасына ерекше табиғи жолмен орнатады. Бұл тыңдаушыны «Бұл адамды тыңдауым керек» деп санауына психологиялық негіз береді.

5. Логос деңгейінде – үш бөліктік мәтін логикасы, тема-рема тізбегінің Р,Р,Р... Т схемасы, синтагмалық топтардың ойды пысықтауы – сөздің аргументтік тізбегін нақты, ізбасарлы етеді. Тыңдаушы ойды жоғалтпайды, себебі мәтіннің логикалық «жіптері» берік.

6. Пафос деңгейінде – образды лексика, просодикалық ауысым, риторикалық сұраулар – эмоцияны логосқа «жалғайтын» тәсіл ретінде жұмыс атқарады. Пафос мәтіннің «жылуы» ретінде, жүйелі логостың эмоциялық толықтырушысы ретінде орналастырылған.

7. Педагогикалық тұрғыдан – Зерттеу нысаны болған тұлға сөзсаптамы риторика, тіл мәдениеті және академиялық жазу курстарында үлгілі мәтін, аналитикалық тапсырма және практикалық сөйлеу дағдысын дамыту ресурсы ретінде тиімді пайдалана алады.

Зерттеудің ғылыми үлесі: этос-логос-пафос үштігі алғаш рет Зерттеу нысаны болған тұлға сөзсаптамасына нақты тілдік деректермен қолданылды және бұл талдаудың педагогикалық мүмкіндіктері жүйелі ұсынылды.

Болашақ зерттеулерге ұсыныстар: (1) Зерттеу нысаны болған тұлға мәтінін пайдаланып жүргізілген педагогикалық эксперименттің нәтижесін зерттеу; (2) осы үш категорияны басқа заманауи сөзұстар тұлғалардың сөздерімен салыстырмалы талдауды жүргізу; (3) дидактикалық мәтіндер жинағын осы үлгілер негізінде жасақтау.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Aristotle. (2004). Rhetoric (W. R. Roberts, Trans.). Dover Publications. (Original work published ca. 350 BCE)
2. Bazerman, C. (2016). What do sociocultural approaches to writing tell us about learning to write? In C. MacArthur, S. Graham, & J. Fitzgerald (Eds.), Handbook of writing research (2nd ed., pp. 11–23). Guilford Press.

3. Байтұрсынұлы А. (1927). Тіл-құрал: сөйлем жүйесі мен түрлері. Қазақ мемлекеттік баспасы.
4. Күдеринова Қ. Б. (2022). Зерттеу нысаны болған тұлғаның сөзсаптамасы: этос, логос, пафос. «Дәстүрлі қазақ сөзсаптамасының прагматикасы» ғылыми жобасының есебі (мемлекеттік № АР08856640). Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 31-44 бб.
5. Күдеринова Қ. Б. (2022). Қазақ тілінің дәстүрлі сөзсаптамасы. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы, 1(138), 8–18.
6. Сыздық Р. (1995). Сөз сазы: Көмекші оқу құралы. Санат.
7. Уәли Н. (2007). Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері (филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация). Алматы.
8. Zhang, M., & Crosthwaite, P. (2025). More human than human? Differences in lexis and collocation within academic essays produced by ChatGPT-3.5 and human L2 writers. *International Review of Applied Linguistics in Language Teaching*, 63(1), 1–28. <https://doi.org/10.1515/iral-2023-0118>

SUMMARY

THE TRIAD OF ETHOS, LOGOS AND PATHOS IN ORAL SPEECH AND POSSIBILITIES OF ITS APPLICATION IN TEACHING

N.S. Amirzhanova¹, S. Zhaikbayeva¹

1. Nazarbayev University
Astana, Kazakhstan

The article analyzes the speech of a well-known public figure, former deputy of the Mazhilis of the Parliament of the Republic of Kazakhstan B. Tleukhan in oral public speech through the categories of ethos, logos and pathos, recognized as the classical rhetorical triad. The analysis is based on the transcription of the original audio text. The speech style of the studied individual was analyzed: selective use of the pronoun “we” in maintaining ethical norms, organization of the theme–rheme structure through syntagmatic groups, and skillful use of emotive vocabulary and prosodic means. As a pedagogical focus, the article proposes effective ways of integrating this exemplary speech material into the educational process in teaching rhetoric, academic writing, and language culture as a model text and for analytical assignments. The study combines the examination of speech discourse with its teaching in pedagogical practice.

Keywords: speech discourse, ethos, logos, pathos, studied individual, oral speech, rhetoric, teaching, language culture, oratory.

РЕЗЮМЕ

ТРИАДА «ЭТОС, ЛОГОС И ПАФОС» В УСТНОЙ РЕЧИ И ВОЗМОЖНОСТИ ЕЁ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ В ОБУЧЕНИИ

Н.С. Амиржанова ¹

С. Жаикбаева ²

1. Назарбаев Университет
Астана, Казахстан

В статье анализируется речевой стиль известного общественного деятеля, экс-депутата Мажилиса Парламента Республики Казахстан Б. Тлеухана в устной публичной речи через категории этоса, логоса и пафоса, которые признаны классической риторической триадой. Анализ основан на транскрипции исходного аудиотекста. Проанализирован речевой стиль исследуемой личности: избирательное использование местоимения «мы» в соблюдении этической нормы, организация тематико-рематической структуры с помощью синтагматических групп, мастерское использование эмотивной лексики и просодических средств. В качестве педагогической направленности статьи предложены эффективные способы интеграции данного образцового речевого материала в учебный процесс при преподавании риторики, академического письма и культуры речи в качестве образцового текста и аналитических заданий. Исследование объединяет изучение речевого дискурса и его преподавание с педагогической практикой.

Ключевые слова: речевой дискурс, этос, логос, пафос, исследуемая личность, устная речь, риторика, обучение, культура речи, ораторское искусство.